



№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік
колледжі

Қашықтықтан оқыту 7-сынып қазақ әдебиеті
Практика түрі: Мектептегі байқау практикасы

Практикант: Мұқажан Мақпал

Практика жетекшісі: Асенова Ж.М

Топ:431

*Жырдың құрылысымен, тақырыбы
және оның идеясы*



Психологиялық ахуал

«Мимика» бойынша тілек айту.

Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен амандасып,
сыныпты түгендеймін.

Үй тапсырмасын сұрау:

Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу «Шортанбай жырларындағы зар заман белгілері»



1 2 3 4 саналып төрт топқа
бөлінеді

Эссе жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс талаптар:



1-тапсырма. Қазақ әдебиетіндегі байырлық рух XVIII ғасырда жоңғарлар мен қарсы күресте XIX ұлт азаттық күресте, (Махамбет, Нысанбай) қайта көтерілгенмен , Қазақстанның Ресей құрамына өтуі нәтижесінде зар заман кезеңі басталды.

Қазақ жеріне қол салған патша үкіметі халықты жарылқау үшін келмегенді. Жерінен айрылған халық әдеп – ғұрып пен қазақы мінезінен де айрыла бастады . Патша үкіметі енгізген жаңа әкімшілік шаралар қазақ болмысына тән емес ті. Ұрлық, өсек, талас – тартыс , алауыздық, арызқойлық – қазақ қоғамының осы кезеңдегі жемісі болды.

Осы кезде өмір сүрген қазақ ақын - жырауларының бір тобы қоғамда болып жатқан келеңсіз құбылыстарды айаусыз сынға алды.

Зар - заман кезеңінде ғұмыр кешкен орталық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң – зармен жырлаған ақындар шоғыры. Оның белгілі өкілдері: Дулат Бабатайұлы , Шортанбай Қоңайұлы, Мұрат Мүмкейұлы, Әбу бәкір Кердері, Аубан Асан , т.б.

Шортанбай басқа халықтың заңдары мен тұрмыс ерекшеліктерінің екінші халыққа күшпен енгізілуінің қаншалықты қатерлі екендігін түсіндіреді. Ғасырлар бойы қалыптасқан биліктің, әдеп – ғұрыптың кенеттен өзгеріске ұшырауын ол халықтың адамгершілік нормаларын бұзатын құбылыс ретінде бағалады. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын батыл айыптады, бұл жағдайдан шығудың жолдарын іздеп арпалысты.

Зар – заман ақындарының өлең – жырларында елмен қоштасу , туған жердің өткенін аңсау сарыны орын алған.

Дескриптор:

-Зар заман»
өлеңінің тақырыбы
мен идеясы айтады
-«Зар заман»
жылдарының
тарихи оқиғаларын
дәлелмен айтады

Топтық жұмыс



1-топ «Шеринг» әдісі Шортанбай бейнесіне портреттік сипаттама беріңдер

2-топ «Үштік» әдісі Зар заман шығармасының эпизодтары мен бейнелерін салыстырыңдар

3-топ Шығарма сюжеті бойынша құрамдас бөлшектеріне талдау жасаңыз. 1) Өлеңде ақын «Сол себепті қорқамын!» деген жолды бірнеше рет қайталайды. Автор неден қорықты деп ойлайсыз?

2) «Зар заман, зар заман, Зарлап өткен бір заман» - деп, ақын қай заман туралы айтып отыр? Оның «зар заман» деуінің мәні неде?


4-топ Шығарманың мына бөлігін талдап көріңіз. Халық қандай күй кешіп отыр деп ойлайсыз?

Дескриптор:

- Шортанбай бейнесіне портреттік сипаттама береді;
- Зар заман шығармасының эпизодтары мен бейнелерін салыстырады;
- шығарманың негізгі ойын анықтайды;
- шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды;
- шығарма сюжеті бойынша өз ойын жеткізеді;
- шығарма бөлшектерін талдайды.

*Байлар ұрлық қылады,
Мал түзіне көрінбей,
Билер жейді параны
Сақтап қойған сүріндей.
Заманың сенің құбылды
Текеметтің түріндей.
Ойлаганы жамандық
Жарадан аққан іріңдей.
Жеті жұрт кеткен
қожадан
Сен тұрмайсың бүлінбей.
Қазақ ұлы жиылып,
Құдайыңа сыйынып,
Қондыгерге хат жазып,
Кешіктірмен дат жазып,
Өлместің де қамын қыл
Басың сотқа ілінбей.*

3-тапсырма. Шығарманың жанры, идеясы, тақырыбына талдау жасап, автор бейнесін анықтандар



Шортанбай кім? Толғаудан автор бейнесі қалай көрінді?

Дескриптор:

- Автордың бейнесін айқындайды;
- Шығарманың жанрын, идеясын, тақырыбын талдайды

Кері байланыс бутерброды

Кері байланыс бутерброды



(кері байланыс «бутерброды» дегеніміз бұл: бірінші жағымды түсініктеме беріп, кейін кұрылымды сын айтып, соңынан тағы да жағымды пікір білдіру).

- *Бүгінгі сабақ маған ұнады, себебі мен.....үйрендім.*
- *Маған.....қиын болып көрінді.*
- *Мен ендіүйренгім келеді.*



Бағалау



Өте жақсы

жақсы

орташа

Бағалау өзара
түстермен



Рефлексия «Көңіл-күй»





Үйге тапсырма: 10-тапсырма 64-бет